

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

ТАҚЫРЫБЫ: КЛИНИКАЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯ.

Орындаған: Зиядан О.Б.

Тексерген: Қарабатырова Т.Ә.

Тобы: 13-001-01


Факультет: ҚДС

ЖОСПАРЫ

- **1. Клиникалық эпидемиологияның**
- **2. Клиникалық эпидемиологияның мақсаты**
- **3. Клиникалық эпидемиологияның негізгі ережелері**
- **4. Негізгі принциптері**

КЛИНИКАЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯ

- Клиникалық эпидемиология (clinical epidemiology) (КЭ) – бұл клиникалық зерттеулер әдісін жасайтын ғылым, **жүйелі және кездейсоқ қателердің** әсерін бақылайтын әділетті қорытынды жасайды.
- КЭ – бұл нақты пациентке қатаң ғылыми әдістерді қолданып дерттің клиникалық ағымын зерттеу негізінде болжам жасауға мүмкіндік беретін ғылым.
- КЭ-ның мақсаты – жүйелі және кездейсоқ қателердің әсерін болдырмай әділетті қорытынды жасауға мүмкіндік беретін клиникалық бақылаулар әдісін жасау және қолдану.



Клиникалық эпидемиологияның мақсаты-
клиникалық тәжірибедегі диагностикалық
тестілердің маңыздылығын және қалыпты
деңгей шектерін анықтау, аурудың ағымы
мен оның ақыр –соңын болжау, емнің
тиімділігін және жанама әсерлерін
анықтау, аурудың алдын алу, клиникалық
бақылаудың және алынған мағлұматты
талдаудың тәсілдерін енгізе отырып,
дұрыс шешім қабылдауды қамтамасыз
ету.

КЛИНИКАЛЫҚ ЭПИДЕМИОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Көп жағдайларда нақты науқастардың диагнозы, болжамы және емдеу нәтижелері толық анықталмаған, сондықтан олар мүмкіншілік арқылы анықталады;
- Нақты науқасқа арналған бұл мүмкіншіліктер осындай науқастар тобына қатысты жиналған алдыңғы тәжірибе негізінде бағаланады;
- Себебі клиникалық бақылаулар науқастардың іс әрекеті бос науқастарда жүргізіледі, және бұл бақылауларды өз көзқарастары бар әртүрлі квалификациялы дәрігерлер жасайды, сондықтан бұл нәтижелер жүйелі және кездейсоқ қателерге ұшырауы мүмкін;
- Кез-келген бақылаулар, сонымен қатар клиникалық, кездейсоқтық әсеріне ұшырайды;
- Дұрыс емес қорытындыларды болдырмау үшін кездейсоқ қателерді ескеріп және жүйелі қатені төмендету әдістерін қолдана отырып, дәрігерлер қатаң ғылыми принциптерге негізделген зерттеулерге сүйенуі керек.

НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

□ Клиникалық сұрақ

Талқылау пәні	Сұрақ
Нормадан ауытқу	Пациент сау немесе науқас?
Диагноз	Дерттің диагностикасына қолданылатын әдістердің дәлдігі?
Жиілігі	Нақты дерттің кездесу жиілігі?
Қаупі	Қандай факторлар жоғары дерт қаупіне байланысты?
Болжамы	Дерттің ақыры қандай?
Емі	Емдеу барысында дерт ағымының өзгеруі?
Алдын алу	Сау адамдарда дерттің алдын алу шаралары бар ма? рте анықтағанда және емдегенде ағымы жақсара ма?
Себебі	Қандай факторлар дертке әкеледі? Олардың патогенетикалық механизмі қандай?
Құны	Нақты дерттің емі қанша тұрады?

НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

▣ Клиникалық ақыры (исход)

Өлім	Егер өлім ерте болса, ақыры нашар
Дерт	Физикалық және лабораторлы мәліметтер нормадан ауытқуы бойынша симптомдар тобы
Дискомфорт	Жүрек айну, енгігу, құлақтағы шу, қышу, ауру сезімі тәрізді симптомдар
Мүгедектік	Дем алу, жұмыста, үйдегі қалыпты іс-әрекетке қабілетсіздік
Қанағаттанар-лықсыз	Дертке және жүргізілетін емге эмоциональды рекация, мысалы, ашушыңдық немесе ызылану

- Клиникалық эпидемиологияның да, науқастың да және медицина қызметкерлерінің де негізгі қызығатыны аурудың немен аяқталатыны.
- Науқасты емдегенде, оның емін өзгерту және талдау тек аурудың ақырын өзгертуге бағытталады. Медицина саласындағы басқа ғылымдардың медициналық эпидемиологиядан айырмашылығы барлық құбылыстар тікелей адамдарға немесе адамдардың организмінің элементтеріне байланысты жүргізіледі. Осыны әрбір дәрігер ескеруі қажет.